

Төлеби ауданы
Қаратөбе жалпы білім беретін мектебі

Бекітемін
Мектеп директоры

С. О. Даужанов
26.12.2025

Келісілді
ДТЖО

Н. А. Оразов

2025-2026 оқу жылындағы үйірме жетекшісінің жылдық есебі

Орындаған :А.Нурова

Қаратөбе 2025

01.09.2025 күні Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде Білім күні мерекесіне орай "МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ" тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Жиынды мектеп директоры Сакен Орынбекулы Даужанов ашып, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білімнің келешегі – адал азамат, кәсіби маман» атты Жолдауындағы маңызды тұстарға тоқталды. Сонымен қатар, ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтады

✓ Жиынға Қаратөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы А. Оразов, зейнеткер ұстаз К. Елікбаев шақырылды. Қонақтар мерекелік сапта тұрған білім алушылар мен мектеп ұжымына жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

✓ Жиынның екінші бөлімінде мектеп табылдырығын аттағалы отырған бүлдіршіндеріміздің әні, тақпақтарымен жалғасын тапты

<https://www.facebook.com/share/v/1C9CwfPFQS/>



Мектебіміздің мақтаныштары — бокстан чемпиондар!

5.10.2025ж. Түркістан қаласында өткен Б.Саттарханов атындағы дәстүрлі бокстан республикалық турнир өз мәресіне жетті. Бұл жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік спортшылар қатысып, өз шеберліктерін көрсетті.

Жарыс барысында мектебіміздің намысын қорғаған жас спортшыларымыз да жоғары нәтиже көрсетіп, зор жетістікке жетті. Атап айтқанда, 61 кг салмақ дәрежесінде – А.Сапарбай, ал 49 кг салмақта – Е.Батырбек үздік өнер көрсетіп, қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, чемпион атанды.

Бұл жеңіс – тек жеке жетістік емес, мектебіміздің, ұстаздар мен жаттықтырушылар еңбегінің нәтижесі. Оқушыларымыздың табысы жастар арасында спортқа деген қызығушылықтың артып келе жатқанын дәлелдейді.

<https://www.facebook.com/share/p/17pdBoV6Q7/>



7.10.2025ж.Түркістан қаласында өткен бокстан облыстық біріншілікте мектебіміздің намысын қорғаған жас спортшы А.Сапарбай зор жетістікке қол жеткізді. 61 кг салмақ дәрежесінде сынға түскен ол қарсыластарының бәрінен басым түсіп, облыс чемпионы атағына ие болды.

Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өңірдің ең үздік былғары қолғап шеберлері қатысқан додада А.Сапарбай өз шеберлігін, төзімділігін және жеңіске деген жігерін айқын көрсетті.

Чемпион атанған оқушымыздың еңбегі еленіп, ол 50 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BiHYznMr1/>



10.10.2025ж.Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазым менің ұстазым» тақырыбында эстафеталық сайыс ұйымдастырылды. Сайыс-бірнеше турдан құрылып, ұстаздарға, білімге қатысты викториналық сұрақтар қойылды. Сайыс өте тартысты өтті, сайысқа 5-6 сынып оқушылары қатысып, нәтижесінде 5 сынып оқушылары жеңіске жетті.

<https://vt.tiktok.com/ZSasGjBv3/>



Өнерлі оқушы – мектеп мақтанышы

10.10.2025ж Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің 5-сынып оқушысы Сапарғали Алмас Нұржанұлы “ONER DRIVE” халықаралық өнер байқауында жоғары деңгейде өнер көрсетіп, “Вокал” жанры бойынша Гран-при иегері атанды. Жас әнші үздік өнері үшін 15 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болып, алдағы уақытта Түркістан, Алматы және Өзбекстанның Ташкент қаласында өтетін өнер байқауларына жолдама алды

<https://www.facebook.com/share/p/1F3c2YcuNg/>



ҚАРАТӨБЕ МЕКТЕБІНІҢ СПОРТШЫЛАРЫ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ 🏆🥇🥈🥉

20.10.2025ж Арыс қаласында өткен бокстан облыстық жарыста Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің оқушылары тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Жарысқа өңірдің түкпір-түкпірінен келген мықты спортшылар қатысып, өзара бақ сынады.

Мектебіміздің намысын қорғаған Сапарбай А. қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, I орынды иеленсе, Батырбек Е. жоғары дайындық пен табандылық танытып, II орынды жеңіп алды. Жеңіс қуанышын еселей түскені – екі жас спортшының да өз салмақ дәрежелері бойынша Республика біріншілігіне жолдама алуы. Бұл – олардың қажырлы еңбегінің, төзімділігінің және ұстазының бағыт-бағдарының айқын жемісі. <https://www.facebook.com/share/p/1ASDVgi62n/>



23.10.2025ж.Бүгін Республика күні қарсаңында Төлеби ауданындағы этнос жастарының қатысуымен өткен “Достық марафоны” атты 3,5 км қашықтықтағыжарыста оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ Сапарбай Әбілхан-1 орын 🏆 Сисенбай Нұрдәулет-2 орын 🏆 иеленді. Мектеп директоры С. О. Даужанов спорт саласында жетістікке жеткен оқушыларымызды салтанатты түрде құттықтады. Олардың табандылығы, жігері мен еңбегі – барлығымызға үлгі.



МЕНИҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАНҚЗ

24.10.2025ж.Республика күні жоспарына сәйкес мектебімізде «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында сыныптан сыныпқа челленжді ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, оқушыларды елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.



30.10.2025ж.Күзгі каникул жоспарына сәйкес мектебімізде оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында “Балалар кітапханасы” жобасы жүзеге асырылуда. Оқушылар түрлі қызықты кітаптармен танысып, сүйікті шығармалары туралы өз әсерлерімен бөлісуде.

<https://www.facebook.com/share/r/1GPJcKWq9y/>



“Ақ бота-2025” Жас таланттар байқауы

1.11.2025ж.Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына, күйші-композитор, Халық Қаһарманы Әбілахат Еспаевтің 100 жылдығына, композитор, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына, Қазақ КСР-нің халық артисі Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ақ бота – 2025» жас таланттар арасындағы аудандық өнер байқауында оқушыларымыз жүлделі орындар иеленді. Атап айтқанда 6-сынып оқушысы Нұрлан Әбдірахман -II ші орын
5-сынып оқушысы Сапарғали Алмас Б. Орымбетовтің арнайы жүлдесін иеленді. Жетекшілері Саудабаева Ақбота.

<https://www.facebook.com/share/p/17wkKgnf9V/>



5.11.2025ж. "КҮЗГІ АСАР" ЖӘРМЕҢКЕСІ

Түркістан облысы, Төлеби аудандық Білім бөліміне қарасты "Қаратөбе жалпы білім беретін мектеп" КММде "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының "Еңбегі адал жас өрен" жобасы және биология-химия апталығы аясында дәстүрлі 5-7 сыныптар арасында "Күзгі асар" жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Мақсаты- оқушыларды еңбекке баулу, өз еңбегінің нәтижесін бағалай білуге, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және үнемшілдікке тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар адал еңбек арқылы жетістікке жетудің маңызын ұғынды.

<https://www.facebook.com/share/p/16gXcEUfx6/>



«Күз аруы – 2025» байқауы өтті!

Жарқын көңіл, ерекше образдар мен шығармашылық шабытқа толы кеш өтті. 🌍

Қыздарымыз күздің сұлулығын, нәзіктігін және әсемдігін тамаша көрсетті!

Бас жүлде — 8 «А» сыныбының оқушысы Аралбай Е.

🏆 I орын -8 «В» сыныбының оқушысы Тұрсынбек Ж

🏆 II орын — 8 «Б» сыныбының оқушысы Атабек М.

🏆 III орын — 8 «А» сыныбының оқушысы Үсен А.

Барлық қатысушыларға белсенділік пен әсем өнерлері үшін алғыс білдіреміз!

Күздің сұлулығын сездірген кеш естен кетпес әсер қалдырды!

<https://www.facebook.com/share/p/1D9nC9dpni/>



13.11.2025ж. күні 10-сынып оқушылары арасында “Теңге және нарық” тақырыбында дебат өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты — оқушылардың экономикалық сауаттылығын арттыру, ұлттық валютаның маңызын түсіндіру және өз көзқарасын дәлелмен қорғай білуге баулу болды.

Дебат барысында оқушылар:

Теңгенің ел экономикасындағы рөлі туралы ой бөлісті;

Нарықтық қатынастардың дамуына әсерін талқылады;

“Теңге – экономикалық тәуелсіздіктің кепілі ме?” деген сұраққа өз дәлелдерін келтірді.

<https://www.facebook.com/share/r/172U6K4sud/>



Қаратөбе жалпы білім беретін мектебі

5–7 сыныптар арасындағы Толағай эстафеталық сайысының нәтижелері

Бүгін өткен 5 сайыс бойынша тартысты додада оқушыларымыз өз ептілігін, жылдамдығын және бірлігін көрсетті!

1-орын — 7 «Б» сыны оқушылары

🏆 2-орын — 6 «Б» сынып оқушылары

🏆 3-орын — 6 «А» сынып оқушылары

<https://www.facebook.com/share/r/1689TyheDr/>



Ташкент қаласында өткен Халықаралық «Turan Fest» өнер байқауында вокал жанры бойынша 5-ші сынып оқушысы Сапарғали Алмас жүлделі ІІ орын иеленді! Жетекшісі Саудабаева Ақбота 7

<https://www.facebook.com/share/r/18FoM6VTad/>



28.10.2025ж Мектебімізде 3–4 сынып оқушылары арасында “Зерек жастар” және “Жас қыран” топтары ҚББП А. Әмірекұлдың ұйымдастыруымен “Ұшқыр ой” атты зияткерлік-интеллектуалды сайысқа қатысты.

Сайыс барысында оқушылар жылдам ойлау, білімді тиімді қолдану және логикалық тапсырмалар бойынша бақтарын сынады.

◆ Сайыс нәтижесінде 4-сынып оқушыларынан құралған Жас қыран тобы жеңіске жетті!

<https://www.facebook.com/share/p/1CtrLKKR42/>



Alem Art шығармашылық өнер орталығының ұйымдастыруымен өткен II республикалық өнер байқауында оқушыларымыз жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда:

🏆 Аширхан Толғанай — I орын

🏆 Орынбек Айзере — II орын

🏆 Қаратай Ерболат — III орын

<https://www.facebook.com/share/r/1AcoZdZtmF/>



17.12.2025ж. Тәуелсіздік күні қарсаңында мектебімізде 10-сынып оқушылары арасында дебат өткізілді.

Оқушылар ел тәуелсіздігінің маңызы **КЗ**, жастардың болашақтағы рөлі туралы өз ойларын ортаға салып, пікірталас барысында белсенділік танытты

Мұндай танымдық шаралар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып , патриоттық рухын нығайтады

<https://www.facebook.com/share/p/1KT6Sd4w/>



23.12.2025ж. Аудандық мәнерлеп оқу байқауында
8 «А» сынып оқушысы Аралбай Еңілік
50 мектептің ішінен оза шауып, жүлделі II орынға ие болды
Жетекшісі Л.Амирова
<https://www.facebook.com/share/v/187zRcv1qh/>



5.01.2026ж. Қысқы каникул кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында “Қыс келбеті” тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.
Көрмеде балалар қыс мезгілінің сұлулығын, табиғаттың әсем көріністерін өз қиялымен бейнелеп, ерекше жұмыстарын ұсынды.
<https://www.facebook.com/share/p/1GBg5Kw6vj/>.



6.01.2026ж.Қысқы демалыс кезінде уақытты тиімді пайдалану мақсатында шахматтан сайыс ұйымдастырылды.
Сайыс барысында қатысушылар өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін шыңдап, тапқырлық пен төзімділіктерін көрсете білді.

<https://www.facebook.com/share/p/1GBg5Kw6vj/>



21.01.2026 ж. күні мектебімізде ҚББП А. Амирекулдың ұйымдастыруымен 5-сынып оқушылары арасында «Зерек жастар» атты зияткерлік сайыс өтті.
Бұл сайыс жас өрендердің білімге деген құштарлығын, тапқырлығы мен ой ұшқырлығын айқын көрсетті.

Балалар бар ынтасымен қатысып, өзара білім сайысында ерекше белсенділік танытты.
Нәтижесінде жоғары ұпай жинаған зерек оқушылар мадақтама қағазымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Hx7iXi8px/>



24.11.2025ж.Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің театр үйірмесінің оқушылары «Театрдың ғажайып әлемі» атты аудандық байқауда М.Байғұттың «Жоғалған Жұрнақ» атты әңгімесіне театрлық қойылым құрып , А.Қыдырбай ең үздік роль сомдаушы номинациясына ие болды.



Футболдан дайындық барысы.



Волейболдан дайындық барысы.



Волейболдан «Төлеби спорт клубы» КММ-нің ашық біріншілігі.



Түркістан қаласында өткен «Алем Арт» шығармашылық өнер орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық фестивальда мектебіміздің 10 сынып оқушысы Әшірхан Толғанай көркемсөз жанры бойынша бас жүлдені жеңіп, Алматы қаласына жолдама ұтып алды.



Алматы қаласында өткен халықаралық «Таланттар алаңы» өнер байқауының көркемсөз оқу жанры бойынша Мұхтар Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты» шығармасын жоғары деңгейде орындап, Гран -при иегері атанды.



Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай аудандық білім бөлімі Лесбекова Нұргүл апайдың ұйымдастыруымен Республикалық «Мұқағали Мақатаевтың оқулары» атты байқауына қазақ тілі пән мұғалімдерінің оқуы бойынша Қаратөбе ЖББМ оқушысы Т.Ашірхан қатысып,жүлделі орынға ие болып,облысқа жолдама алды.



Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай аудандық кітапхана ұжымы ұйымдастырған «Мұқағали оқулары» байқауына мектебіміздің 10 сынып оқушысы Әшірхан Толғанай қатысып,ерекше өнерімен көзге түсіп,бас жүлдені жеңіп алды.



«Заң мен тәртіп»қағидаты аясында ұйымдастырылған онлайн байқауда Қаратөбе ЖББМ оқушылары белсенділік танытып, «Нашақорлыққа қарсы және ойынқұмарлықтың алдын алу» мақсатында видеоролик түсіріп үздіктер қатарынан көрінді және Төлеби аудандық білім бөлімінің арнайы Алғыс хатымен марапатталды.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Спорт -діни экстремизм мен терроризмге қарсы!»ұранымен өткен бокстан жасөспірімдер арасындағы жарыста Қаратөбе ЖББМ оқушылары жоғары деңгейде өнер көрсетті.



“

Қаратөбе ЖББ мектебінің бастауыш сынып оқушылары Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Шабыт шыңы» атты жылды қорытындылау өнер байқауына би жанры бойынша қатысып қайтты



Қаратөбе ЖББ мектебінің оқушылары І.Айдар мен А.Нұрлан Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Шабыт шыңы» атты жылды қорытындылау өнер байқауына ән жанры бойынша қатысып қайтты



Денсаулық күні мен Наурызнама 10 күндігіне орай сыныптар арасында эстафеталық сайыстар ұйымдастырылды



Қолөнер көрмесі



Қолөнер көрмесі



